

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындау ережесі мен мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы № 317 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қантардағы № 129 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 759 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2023 № 759 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындау ережесі мен мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы № 317 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 15, 113-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президентінің - Елбасының "Өркен" білім беру грантын тағайындау ережесі мен мөлшерін бекіту туралы";

2) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған "Назарбаев Зияткерлік мектептері" мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президентінің - Елбасының "Өркен" білім беру грантын тағайындау ережесі мен мөлшері бекітілсін.";

3) көрсетілген қаулымен бекітілген "Назарбаев Зияткерлік мектептері" мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындау ережесі мен мөлшерінде:

4) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" мамандандырылған білім беру үйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының "Өркен" білім беру грантын тағайындау ережесі мен мөлшері";

1, 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Назарбаев Зияткерлік мектептері" мамандандырылған білім беру үйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының "Өркен" білім беру грантын тағайындау ережесі мен мөлшері (бұдан әрі - Ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Назарбаев зияткерлік мектептері" мамандандырылған білім беру үйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының "Өркен" білім беру грантын тағайындау тәртібі мен мөлшерін айқындайды.";

2. Осы Ереже мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының "Өркен" білім беру гранты (бұдан әрі - грант) - "Назарбаев Зияткерлік мектептері" мамандандырылған білім беру үйымдарында (бұдан әрі - мектеп) дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындастын грант;

2) білім беру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - білім беру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органды;

3) грантты тағайындау жөніндегі респубикалық комиссия - грантты тағайындау үшін уәкілетті орган құратын комиссия (бұдан әрі - комиссия);

4) жұмыс органды - "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйымы.;"

7-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жұмыс органды белгілейтін нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтініш;

2) жұмыс органды белгілейтін нысан бойынша толтырылған сауалнама;";

8, 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Құжаттарды қабылдау мерзімі мен орнын, сондай-ақ конкурстың бірінші кезеңі өткізілетін мерзімді жұмыс органды айқындайды және Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

9. Конкурс екі кезеңнен тұрады және жұмыс органды айқындайтын тәртіппен өткізіледі.

Бірінші кезеңде мектептердің бағыттарына сәйкес келетін бейінді пәндер бойынша, сондай-ақ қазақ, орыс және ағылшын тілдері бойынша үміткерлерді

кешенді тестілеу жүргізіледі. Кешенді тестілеу екінші кезеңге іріктеу болып табылады. Екінші кезеңге жалпы сұрақтар санынан дұрыс жауаптардың қырық және одан да көп пайзынын жинаған үміткерлер жіберіледі.

Екінші кезеңде мектептердің бағыттарына сәйкес келетін бейінді пәндер бойынша жазбаша емтихандар өткізіледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Конкурстың қорытындылары комиссия хаттамаға қол қойған қүннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жұмыс органдының интернет-ресурсында жарияланады".

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімі осы қаулыдан туындастын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК